


7каз2
Б34

С. Бегалин



Сахара сандуғаштары

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН



**САХАРА
САНДУҒАШТАРЫ**

(естеліктер мен естігендер)



«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1976

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕР
БАС РЕДАКЦИЯСЫ**

Бегалин Сапарғали.

**Б 34 Сахара сандуғаштары. (Естеліктер мен естігендер) Алматы, «Қазақстан» 1976.
168 бет.**

Қазақ совет әдебиетінің саңлағы, сексеннен асқан қарт қаламгер С. Бегалин оқушы қауымға ұсынып отырған өзінің «Сахара сандуғаштары» атты еңбегінде Жетісу өңірі мен Арқа жерінде дидарласып, сұбхаттасқан поэзия алыбы Жамбыл, Естай ақын, ән асқары Әміре, Шашубай сияқты өнер саңлақтарының өмір жолы, халқымызға аты әйгілі Тәттімбет, Ықылас, Дайрабай, Ә. Хасенов, Майра сияқты әнші-күйшілер туралы естіп-білгендері жайлы сыр шертеді.

Б $\frac{70303-230}{401(07)-76}$ 254-76

242651

Каз2

© «ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ, 1976

Орская областная
БИБЛИОТЕКА
им. Н. Островского

*Өлеңім, шарла ауылды,
Тыңда, дала, Жамбылды.*

(Жамбыл)



ЖЫР ЖАЙЛАУЫ

ЖАМБЫЛДЫҢ ІЗІМЕН

Жамбыл ақын екі ғасыр перзенті. Оның өмірі туып өскен заманының, жасаған ғасырларының, елінің алуан қилы белесіне, қия-қия өткелдеріне кездескен толып жатқан уақиғаның түйіні. Өмірінің теріскейінен күнгейіне, қара түнінен нұрлы күніне жасы ұлғайғанда жеткен адам.

Жамбыл өз елі — қазақ жұртының жүзден тоқсан сегізі хат танымайтын кезде туып өскен. Өмірінің молырақ шағын халық өнері қадірленіп, ескерілмек түгіл, есептен шығып, елеусіз болған кезде кешкен. Олай болған соң оның ерте кезде қандай жыр айтып, кіммен жолдас болғанын анықтап алу қиын екені өзінен өзі мәлім.

Қазақ халқының қара өлеңінде: «Жел сөзді не қыламын сізден аяп», деп келеді. Сол жел сөзі — ақындардың домбыраны алған жерде ағызып ала жөнелетін өлеңі. Сол «жел сөзді» сексен жылдай үздіксіз айтқан ақынның қанша өлең айтқанын қалай өлшерсің, қай жұрнағын тұтас таптым дерсің! Әрине, мәдениетті елдің бұл сияқты көрнекті адамдарының жазылған күнделігі болады. Болмаса, замандастары жазған еске түсіру, газет-журналдан қарап, екшеп алу сияқты белгілі-белгілі сүйенер дерегі болады. Ол сияқты дерек Жәкеңде болмаған ғой.

Осы қиындықтарды көре тұра халық аузындағы сөз сақталғыш әдетке сеніп, дерек жинауға кірістік. Жәкеңнің туған елі, туған жері деген өрістерін қарастырып, құлақ шалған мәліметтерді үлкен-кіші демей тердік. «Жорға мінген жолдасынан айрылады, көп жасаған құрдасынан айрылады» дегендей, Жәкеңнің замандасы сиреген. Өзінен 15—20 жас кіші кісілердің өзі де бірлі-жарым ғана кездеседі. Оның үстіне ондай адамдардың бәрі бірдей өлең ұққыш, әңгімешіл бола бермейді.

Бір ескере кететін нәрсе, Жамбылдың 1936 жылдан бергі өмірінен тек белес-белес жерлерін айтып қысқарақ шолдық. Жәкеңнің одан бергі өмірін совет жұртшылығы жақсы білетінін еске алдық. Шамамыз келгенінше Жәкеңнің 1936 жылдан арғы жердегі жайына көбірек тоқталдық. Ата тегі, өскен ортасы, заманы және өзімен тұстас ақын, шешен адамдар жайын қарастырып, барынша соны кеңірек айтуға тырыстық. Өйткені Жамбыл халықтан оқыған, халық шешендігін бойына көп сіңірген, ақындық жолын да, ой-өрісін де халық ойынан суарып, содан нәрленген адам.

* * *

Жамбыл Жабайұлы (Жапаұлы) осы күнгі Алматы облысындағы Теріскей Алатаудың солтүстік бауырын жайлаған Шапырашты ішінде 1846 жылы февраль айында «Хан», «Жамбыл» тауларының атырабында туады. Бұл Шу өзенінің аяқ жағында бөлек жеке біткен таулар. Қазір олар Жамбыл облысының Шу және Көктерек аудандары территориясына кіреді. Хан, Жамбыл таулары жайында ел аузында толып жатқан ертегі, аңыздар бар.

Жапа (Жабай), Жадыра, Қазыбай және Мәйке — Ыстыбай балалары, бұлардың қай-қайсысы болсын өз тұстарындағы еліне соқтыққан жауға қарсы тұрарлық, еліне ара түсер жортарман мықты жігіттер болған. Өздерінің өнерімен іргелес отырған білікті адам Әшекейге жаққан.

Жапаның әкесі Ыстыбай момын шаруа болыпты. Оның әкесі Байтөбет те момын кісі болған. Байтөбет екі әйел алып оның тоқалынан Ыстыбай (Жамбылдың атасы), бәйбішесінен Бұғы, Марал, Бәйіт туады. Байтөбеттің әкесі Сәндібек, одан бес бала болған. Байтөбет, Алтыбай, Жетібай, Толыбай, Ырысбай. Сәндібектің әкесі Сопақ, одан Сәндібек жалғыз туады. Сопақтың әкесі Өтеп бұл Жамбылдың алтыншы атасы. Өтептің әкесі — Бертіс, одан Өтеғұл, Өтеп, Солағай, Кәдіршік және Текеш туады. Бертіс Жамбылдың жетінші атасы. Бертістің әкесі Жәрімбет. Ол төрт әйел алған. Бірінші әйелінен Ақтөбет, Бертіс, екіншісінен Қосай, үшіншісінен Әлти, төртінші әйелінен Баянай. Бәйбішеден туған Ақтөбет, Бертіс ерте балалы болып марқалап өсіп кетеді. Кейінгі үш әйелінің балалары кенжелеп өседі де,

аз болады. «Аздың атасы бір деген, біз бірігіп жан сақталық деп Әлти, Қосай, Баянай бірыңғай болып, бұлар «үш тоқал» атанып, үшеуі еншілес болады. Ақтөбет, Бертис тұқымы «бәйбіше» аталады. Осы күнге дейін «бәйбішенің баласы», «үш тоқал десіп» Жәрімбет ұрпағы екіге бөлінеді.

Қайсыбай іс істедің ебін таппай,
«Үш тоқал» болыс болды атпай-шаппай.
Күртібай «үш тоқалға» еріп кетті,
Адасқан ай жарықта ақбоз аттай,—

деген өлеңі Жамбылдың осы Жәрімбет балаларының кейінгі кездегі қандай жікке бөлініп, кім аталғанына толық дәлел. Күртібай бәйбіше баласы, Жамбылға аталас. Бұл бір дауда Жамбылдардан бөлініп, «үш тоқалдың» байлығына сатылып шығып кетеді де, болыстық «үш тоқалға» тиеді. Содан барып үлкен жанжал болып, Жамбылға да таяқ тиеді. Артынан татуласқанда Жамбыл осы өлеңді айтқан.

Жәрімбеттің әкесі Екей. Ол екі әйел алған. Оның бәйбішесінен Жәрімбет (бұл Жамбылдың сегізінші атасы) және Бейімбет, екінші әйелінен, Әнет, Жиет туады. Бұлардың шешелері Алтынай деген кісі. Ол кісі мұрнына зере салады екен. Содан абысындары бұйдалы келіншек деп атап кеткендіктен, кейінгі Әнет, Жиеттің тұқымдары «бұйдалы» атанған.

Жамбылдың 1946 жылы 100 жылдық мерекесіне арнап баспаға дайындалған жинағына жазушы Сәбит Мұқанов қысқаша кіріспе сөз жазды. Осы сөздің ішінде Жамбылдың өз аузынан айтқан мына бір сөзін келтіреді. «Менің туған жылым ит еді, туған елім Екей ит қорлықта жүрген кезінде туыпшын», деп еді»,— дейді. Жоғарыда Жамбыл өз атасы Шапыраштың ішінде Екей (тоғызыншы атасы) атанады дедік. Ақынның өз айтуына қарағанда, айтысқа түскенде ол не естіп, не көрсе де осы Екей үшін күйеді екен. Екей елі аса өспеген, дәулетке кенде, қонысы аз ел болған.

Ел ақсақалдарының айтуында, Жамбыл Екей елінің ит қорлықта жүрген кезінде туып, өзі де бала кезін бұлт жамылып, мұз төсеніп өткізеді. Жамбыл туарда ел көшіп келе жатыр екен. Артқы жағынан жау келеді деп үрке көшкен ел алды-артынан шолғыншы салып, үдере тартып отырады. Февраль айының суытып қар

жауған қайырма күні болады. Жапа сол көшкен елдің алды-артын шолуында жүретұғын мықты жігітінің бірі. Жамбылдың шешесі Ұлдан айы күні жетіп отырған екіқабат екен. Ол көшіп келе жатқанда толғатады. Атқа жүре алмай көшті тоқтатып, түйелерді бір жерге шөгереді. Алыста көшті қарауылдап жер шолып жүрген Жапа көшке шауып келсе, толғатып тұрған өзінің әйелін көреді.

Жүк артқан түйелерді айналдыра шөгеріп жіберіп, қомын алдырмастан киіздерді жауып, жүкпен қоршап күрке жасайды да, ортасынан тіккен ықтырмаға әйелін отырғызып, сонда босандырады. Ел орынға отырған кезде бала туады. Артынан «жау» келіп қалды деген хабар болып, баланы жөргекке орап алып, таң сібірлей тағы көшеді. Ұзақ тартып отырып Хан, Жамбыл таулары алабына келіп қонады. Баланы сол жерде бесікке салып, атын қояды. Балаға Жамбыл тауының аты қойылады.

Жамбыл жеті-сегіз жасқа келгенше әкесі туған-туысқандарымен Әшекей бай ауылының қасында болады. Екей алғашқы қайта басын қосқанда алдымен көшіп келгеннің және Екейдің шетке бытыраған елін жинасқанның бірі Жамбылдың әкесі Жапа мен оның інісі Жадыра болады. Алғашқы көшіп келгенде Жапа, Жадыралар Қарғалы өзенінің оңтүстік батысына таман осы күнгі Шұға фабрикасының батыс жағындағы Майбұлақ деген жерге қонады!

Жамбыл бала күнінде өзі айтқаны болмаса көнбейтін, қисық, қыңыр болады. Көбінесе үйге жоламай далада балалармен, жылқышы, қойшылармен бірге жүріп, тай үйретіп, асау мініп басқа ауылға кетіп қалып, бетімен еркін жүргенді жақсы көреді екен. Осындай қисық мінезінен болса керек, бір күні әкесі ұрған ба, үйге бара алмай ауылдың сыртында жатыпты. Ел арасының бір адамдары ауыл сыртында далада жатқан баланы көріп тоқталып, «неғылған баласың, неге ауылға бармайсың?» десе, «мына Жапа дегеннің қызын айттырған күйеуі едім, қалыңдығымды бермейді. Ауылына баруға бата алмай, қызының далаға шыққанын аңдып жатырмын», деп қырсық сөз айтыпты.

Мұндай қисықтанып өкпелеп кеткендегі әдеті — ауылға келе жатқан жолаушыны аңдып, соның жолын тосып, «біздің үйіміз жылқы сойған, қазы, ет көп, біздікіне қоныңыз», деп үйіне ертіп келіп, қашан сол

кісі кеткенше бірге болады екен. Жамбыл бір күні тағы үй ішімен сөзге келіп, ауылдың сыртында жатса, Ақша деген атадан шыққан ақсақал Қазыбек деген кісі Ыстыбай ауылына келе жатады. Жамбыл алдынан шығып сәлем беріп, «біздің үйге жүріңіз», деп ертіп келіп, үйіне түсіреді. Келгеннен кейін әлгі кісінің атын байлап, өзіне қызмет істейді. Көпті көрген көне ақсақал Қазыбек баланың жүрген, тұрғанын сынап, Жападан: «Мына балаң нешеде» деп сұрайды да, «түбі адам болады, мені алдымнан шығып, сәлем беріп, өзі ертіп келді. Көзінің жанары жақсы екен, бетін қақпа», дейді. Жапа Жамбылдың қисық, тентек екенін айтқанда, Қазыбек «тентек те болса теріс кетпес, көзінің оты тәуір екен», деп тағы да қайта айтады.

Сол кездегі Шапырашты, Дулаттың ақсақалдары Жамбылды жастай сынап, сөзінен, мінезінен көп нәрсе күткен. Әсіресе, шешендік, сыншылықпен аты шыққан Ысты Бөлтірік батырмен кездескенін Жамбылдың өзі кейінгі уақытқа дейін айтып отырады екен. «Бір күні ауылдың қасында жарда балалармен ойнап жүр едім, бір топ кісі келе жатыр екен. Алдарынан шығып сәлем бердім. Бір ақсақалды кісі: «Балам, бұл қай ауыл, кімнің баласысың?» деді. Мен жөнімді айтып, қонсаңыздар, біздің үйге қоныңыздар, кісіге сақтаған семіз қазы бар, деп ертіп келдім. Ол кісіні үйдің іші қазы асып аса құрметтеп күтті. Ақсақал ет жеп отырғанда, қазының қабырғасын маған беріп «Балам, атың кім?» деп сұрады. Атым Жамбыл деп едім, «атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар», деді де, әкеме қарап: «Мына баланың бетін қақпа, мінезі жақсы екен. Тентек болмай, тепкілі бола ма, деп айтып еді». — дейді екен.

«Бөлтірікпен өзім ер жетіп қалған кезде тағы да бір кездесіп, сәлем бердім. Өз аузынан бірталай әңгімесін естідім. Бөлтіріктей шешен, сөзді тез табатын, қызықты әңгімелері есіңнен кетпейтұғын кісі көргенім жоқ», — дейді екен Жамбыл.

Жамбылдың жас күнінде жақсы көріп бағатын малы — жылқы болған. Басқа малға жұмсаса бармай, қашып кетеді екен. Қыс болса жабағы-тай, құнан сияқты бірлі-жарым кіші-гірім жылқыны қолына ұстап, соны күтіп қарайды екен. Жамбылдың 13—14-ке келіп, ер жетіп қалған кезінде, бір жылы қыс қатты, боранды болып, ел жұтқа ұшырайды. Ер азамат бет-бетімен

малға кетеді. Тау ішіне апарып күнгеіге бағып жатқан жылқысын аралап қайтқан Сарыбай қайтарда Жапаның үйіне түседі. Сарыбайды Жапаның үйі күтіп, түстік істейді. Үйдің бір жағында кішкене жабағыға таудан жұлып әкелген көдені беріп және азықтық бидайдан аздап бидай бөрттіріп беріп Жамбыл жүреді. Әр нәрсеге сын көзімен қарайтын Сарыбай Жапаға: «Сен мына Жамбылды қисық, тентек деуші ең, өзі малға үйір, шаруашыл, есті тентек екен ғой», — дейді. Жапа: «Ой тәйірі-ай, ол менің малыма жаны ашып жүр дейсің бе, өзінің бәсіресіне алған тайы ғой. Ана танауын көрмейсің бе, сетіп сырға салып қойғанын. Өзі тәуір биенің құлыны және жорға еді», — депті.

Сарыбай түстігін жеп кетіп қалады. Қыстан қысылып шыққан ел, көк жетіліп мал тойынғанша қыстау маңында болады. Қыстан өзі күтіп, күйлі алып шыққан қоңыр тайын үйретіп, Жамбыл мініп алады. Қай-қайдағы жастар жиналған той-томалақ іздеп жүретін тентектеу бала жігіт Қаскелең өзенінің бойындағы Орынбет деген Жаныс елінің бір атасының ауылына келеді. Бұл ел Жамбылға нағашы екен және сол жерде бір шілдеhana болып жатады. Жамбылды жассына ма, жоқ әлде астындағы тайына қызыға ма, сол елдің біреуі оның қоңыр тайын «танып тұрмын, мынау менің қысты күні жылқы ыққанда жоғалған қоңыр жорға биенің жабағысы, сен бұралқы қылып алғансың», деп жабысады. Тіпті тайды ер-тоқымын сыпырып тастап алып қояды. Жалғыз бала көпке күл шаша ма, ер-тоқымын арқалап не істерін білмей отырғанда, сол ауылға Алматы жақтан бір топ кісі келеді. Бұл кісілер кім екен деп Жамбыл барса, ол Сарыбай екен. Жамбыл келіп сәлем береді. Сарыбай Жамбылды танып «шырағым, қайдан жүрсің?» деп сұрайды. Жамбыл тайдан айырылып, жаяу отырғанын, мынау елдің өтірік таңған зорлығын айтады. Сарыбай «тайды таныдым» деген кісіні шақырып тексереді. Оның тайлы биесі боранда жоғалғаны рас екен. Жамбыл Сарыбайға: «Сареке, басқаны куә қылмаймын, қысты күні өзіңіз көрген жабағы, көрсеңіз, өзіңіз де танысыз» дейді. Бұл жерде Сарыбайдың есіне тайдың танауындағы кішкене сетілген сырғасы түседі. Сарыбай тайды таныған кісіден «тайыңның не белгісі бар еді» деп сұраса, ол «жорға еді, басқа не белгі болады, жабағыға кім белгі салады», дейді. Сарыбай сол жерде тайды алғызып көрсе,

тайдың танауындағы сеткен кішкене сырға бар екен. Соны дәлел етіп, Жамбылдың тайын өзіне алып береді.

«Мен Сарекемнің дау тексергендегі тапқыштығын өз көзіммен көрдім. Ақылды кісінде ашу бола ма. Кісіге ашуланып сөз айтпайтын етек-жеңі кең, көрген нәрсені ұмытпайтын кісі еді. Сол менің кішкене жабағыны күткенімді жақсы көріп, соның танауындағы болымсыз белгіні ескеріп, ұмытпай жүргені де өте сыншыл, естілігі ғой», деп, Жамбыл айтып отырады екен.

«Сол қоңыр тай өсе келе жақсы ат болды. Сарекемнің күші мен әділдігі болмағанда Орынбеттің орақ ауыз қу тақымы алып қойып еді. Бірақ, Сарекеме бір өкпелегенім, әдейі өзіне сеніп алып қашқан Бұрым сұлуды алғызбай қайтарып берді. Онысы өте малқор да сараңдығы еді. «Жапаның малы шашылып кетеді», деп елдің кәдесінен именіп қайтарды деп Қисыбаймен қалжыңдасқанда да айтып күледі екен.

Жамбылдың әкесі Жапа 1899 жылдың шамасында 87 жасында дүние салған кісі. Ол жасынан ауызға ілінген мықты жігіт болыпты. Жамбыл:

Сорлының ұрлап қара атын,
Жазықсыз қиып қанатын.
Жапанда жаяу қалдырып,
Жайым жоқ қарсы алатын.
Ел арасын егер қып
Ойым жоқ шұрқан салатын...

Батаңды маған бер әке,
Тіліме менің ер әке,
Жапаның ұлы ақын боп,
Атағы шықты дер әке,—

деп өзін жаугерлікке жұмсаған әкесінен ақындық жолға рұқсат сұрайды. Біріншіден, әке кәсібін сүймей, момынның малын ұрлап, дәулет жинауды жек көріп, жеркенгені бұл. Екіншіден, ешкімге зияны жоқ тіл өнері еңбегіне беріліп, еліне қызмет істеуге бел байлауы бұл. «Сарыбайға» деген бір ауыз өлеңінде осы ниетін айқындай түседі:

Сареке, салдым бір сөз сыныңызға,
Сіздің сын таразы ғой сырымызға.
Қолыма домбыра алып талап қылдым,
Бересің қандай бата ұлыңызға.

Бұл өлеңдер Жамбылдың 100 жылдығына арналған толық жинағына кірген болатын.

Жамбылдың туған әке, туысқан ағадан адалдық жолына бет алып, соған рұқсат сұрауында тағы бір сыр бар. Осы елге ертеден тараған:

Екейде елу ақын, сексен бақсы,
Айқымда алпыс ақын, тоқсан бақсы,—

деген бұлардың елін кеміткен ащы нақыл болған. Бұл кеміту сөз Екейдің естияр адамдарының намысына көп тиген болуы керек. Жамбыл өлеңге бейімделіп, ойын-тойларда той бастап, өлең айта бастаған кезінде әкесі Жапа «Екейдің елу ақынына сен де қосылып, елу бірінші дуана болайын деп пе едің», деп ұрсып тыйым салған. Міне, сондықтан да ол жаңағы өтініш өлеңдерді айтқан болса керек.

Жамбылдың өзіне ұстаз көріп бата алған кісісі Сүйімбай ақынға да Жамбыл өмір бойы бас июмен қатар, алғашқы кездесіп, бата алғаны жөнінде де өзі әңгімелеп айтып отырады екен.

...«Елдің ауызы ораза еді. Қасымда бір жігіт бар, екеуміз сол жайлаудағы елді аралап жүріп жарапазан айттық. Қыдыра айтып келе жатып, Сүйекеңнің үйіне кездесіп қалған екенмін, түсе қалып жарапазанды айта бастадым. Әлі айтып тұрмын, әлі айтып тұрмын, ешкім шыққан жоқ. Әлден уақытта үйге шам жағылып Сүйекеңнің бәйбішесі далаға шықты. «Балам, ақын үйге түссін дейді, үйге түсіңдер», деді. Біз үйге сәлем беріп кіріп едік, Сүйекең өзі де тұрып отыр екен, сәлем алып, амандасып, бізді қасына отырғызды. «Жамбыл балам, тіліңнің түйірі, сөзіңнің уыты бар екен. Біреуден бата алсаң қайтеді»,— деді. Мен ол кісіге сөз қайырмай тыңдап отырдым. Бәйбішесі бізге қымыз беріп, менің алдыма бір шапан әкеліп қойды. Сүйекеңнің үйінен шапанды алып кетуді өзіме лайықты көрмей және әлгі бата ал деген сөзі ойымда болып отырды да, «Сүйеке, жеңгем берген шапанды сізге жапқаным, батаңызды беріңіз», деп алдына қойдым.— «Балам, бата алсаң, өз үйіңнен бір нәрсе әкелуің керек еді ғой», деді. Мен жол әкеліп, бата аламын деуге өкемнің көнбейтінін білем, сөз қайтармадым. Сүйекең біраз отырды да, батасын берді. Мен Сүйекеңнің батасын алған соң ешкімнен именбей өлеңді бұрынғыдан да батыл айта бердім». Бұл оның әке жағынан ақындығына бөгет болмаса, көмек күтпегендігін дәлелдей түседі.

Жамбылдың шешесі Ұлдан, Жападан бес жыл кейін

өлген. Бұл да көп жасаған кісі. Ұлданның төркіні Дулат ішінде Жаныс. Оның ішінде Орынбет деген атаның баласы болады екен. Төркіндері осы Алматыға жақын Қаскелең өзенінің бойын мекендеген. Ұлдан аса көп сөйлегіш кісі болмаған сияқты. Бірақ, сөзді айтқанда тауып айтады екен. Жамбылдың өз ата-тегінде домбырашы, өлеңші, белгілі ақын болмаған. Шешесі Ұлданның нағашысы Қанадан қобызшы және өлең де айтатын кісі болған. «Қанадан қобыз тартқанда кейбір көңілі бос адамдар жылап отырады екен. Қанадан бір жақтан келе жатып, шет жердің бір жауына кездеседі. Жау Қанаданның атын да алып, өзін де тонап әкетеді. Қанадан жапан түзде жалғыз қалып, бір тауға келіп бүлдірген, жуа теріп жүріп құрайдан сыбызғы істеп соны тартып отырыпты. Сыбызғыны тартқанда еліктің лағының маңырағанын салып тартқан екен. Сонда лағынан айрылған бір елік емшегінің сүті сорғалап исініп қасына жақындай берген. Бірнеше күндей сол елікті еміп, қорек етіпті», деген аңыз айтылады. Ал Жәкеңе ақындық, домбырашылық сол түпкі нағашысынан жұққан деседі.

Жамбыл Қанадан қобызшыны өз көзімен көріп, оның тартқан қобызының үнін, әсем жырын да тыңдаған. Жамбылдың 10—11 жасы шамасында Шапырашты, Дулат елдерін аралап жүретін қарт қобызшы жиені Ұлданға амандаса келеді. Бірнеше күн жатып қобызымен сан тамаша күй тартады. «Әсіресе Асанқайғының желмаясымен жер шолып жортқандағы жүрісін күй ғып тартқаны тым зарлы еді. Әлі күнге құлағымда тұрғандай болады. Онда жас едім, ұға алмадым», дейді Жамбыл.

Қобыз тартқанда қасынан шықпай, ынтыға тыңдап, құлап ұйыған кішкене жиеншарына Қанадан аса риза болады. Ұлдан да өзі аса қадірлі санайтын бауырының өнеріне баласының құлақ қойғанына қуанады. «Осыдан бірнәрсе шығар ма екен, аузына түкіріңіз» деп те ырымдапты.

Қанадан жүрерде Ұлдан өз қолынан келген сыйы — шапан жауып, Жамбылға батасын әпереді. Қанадан кеткеннен кейін де кішкене Жамбыл қарт қобызшының сарынын көпке дейін есіне сақтап, өзі де сондай күй тартсам деп құмартады. Қолына қобыз алмағанмен, домбыра ұстауға құмартып, өте ынталанады. Баласының бұл талабына Ұлдан іштей тілекші ғана емес,

тіпті өзі ой салып, тәрбие беріп, қолдап отырады. Бұл жөнінде Жапамен де қиғаш келіп қалған кездері де болған. Жамбылдың мұндай кездегі аз да болса арқа сүйері шешесі Ұлдан болғанға ұқсайды. Бері есейгенде де Жамбылға Қанадан туралы айтып, Ұлдан үнемі ой салып, ақындық, домбырашылық өнеріне тарта береді екен.

Менің пірім Сүйімбай
Сөз сөйлемен сиынбай,
Сырлы сұлу сөздерді,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйімбай деп сөйлесем
Сөз келеді бұрқырап
Қара дауыл құйындай,—

Жәкең Сүйімбайды құрметтеп, өзімнің «пірім» деп келеді.

Жәкең қай ақынмен айтысын, қай мәжілісте бастасын, алдымен Сүйімбайды аузына алады.

«Бес мойнақ тобында Албан Қалабай ақынға Дулат ие болып, маған Шапырашты ие болып айтыстырмақ болды. Мен айтысайын деп ыңғайланып барғанымда:

Сүйімбай сенің де ағаң, менің де ағам,
Ол қисайса жыртылар сенің жағаң,
Сүйімбай жүген ұстап барғанында
Алпыс жылқы айдатқан менің ағам,—

дегенін естіп, мен Қалабаймен айтыспай жол бердім. Сүйекемді аузына ала, алдына сала сөйледі. Және жұтап қалғанда Сүйімбайдың Албанға барғаны рас еді. Қалабайдың ақындығынан қаймыққаным жоқ, бірақ, Сүйекемді аузына алған соң қарсыласпадым»,—деді ол 1944 жылы августың 12 күні үйіне барып отырғанымызда.

Сүйімбай 1817—1818 жылдар шамасында туған адам. 80 жасында 1898 жылы қайтыс болған. Сүйімбайдың аты шығып, даңқы қырғыз, қазаққа тегіс жайылғаны Тезек пен қырғыздың белгілі манабының бірі Алыбай асына барғанда Қатаған ақынды жеңіп қайтқан айтысы. Бұл айтысты Өмірзақ Қарғабайұлы (Сүйімбайды өзі көрген, өз аузынан естіген ақын) жырлағанда әрі ұзақ, әрі әдемі етіп айтады.

«Бірақ мен бәрін айта алмаймын, жаңылған жерім бар сияқты, мұны Жамбыл жақсы айтушы еді»,—дейді Өмірзақ.

«Мені қырғыз еліне таныстырған Сүйімбайдың осы айтысы ғой», — дейді Жамбыл.

Сүйімбай сөзді тауып айтатын, аса алғыр, шешен кісі болған. Оның шешендігі сан жерде сыналып, ел аузына ерте ілінген көрінеді. Бірде қырғыз Шабдан Манаптың әкесі Жанатай әңгімелесіп отырғанда Сүйімбайға: «Сүйімбай ботам, құданың бергеніне шүкіршілік, атамнан туып, ат жалын тартып мінгелі жағама жаттың қолы тиіп көрген жоқ», — депті Жанатай. Сүйімбай жұлып алғандай: «Әлгі Тайторы Шымырбай алып соғып, арт жағыңнан екі теуіп жібергенде ноғайдың шатырына басыңыз кіріп кеткені, ат жалын тартып мінбей тұрған кезіңіз бе еді, Шоң аға», — депті. Жанатай үндемей отырып қалыпты да; «Шырағым Сүйімбай, енді ешкімге айта көрме», — деп жалынып, сый-құрмет көрсетіп аттандырыпты.

Сүйімбайдың қартайып, кәрілікті мойындаған кезінде Жамбыл келіп сәлем береді. Атқа мінуден қалып, үйде отырған ақын той-думанды сағынады. Жамбылға ұзақ жыр айтқызады. Осы мәжілістің үстінде Топар деген жерде бір үлкен ас берілмек екен, соған хабар айта шақырушы келеді. Осы асқа Сүйімбай баратын болып, Жамбылды қасынан жібермей, бірге алып жүреді. Жол үстіндегі елде болсын, астың өзіне барғанда болсын, өлеңді Жамбыл айтып, өзінің алдында өріс алған ақын болғанын көрсетеді. Сүйімбайдың өз жырларын да өз көзінше жиын-топта айтып береді. «Өтеген батыр» жырының арғы кездегі қысқа түрін де бір әредікте жырлап өтеді.

Өзінен оза жүгіріп, сөз өрісін кеңітіп әкеткен шәкіртіне Сүйімбай аса разы болады. Ол көкейін сусындатарлықтай ақындық құлашы кеңіген Жамбылдан көп нәрсе дәметеді. Осы астан қайтқанда Сүйімбай өзінің ерте кезде ескеріп айта алмаған ойын Жамбылға түсіндіреді. «Қайратты шақты хан мен төренің қасында қаңғумен өткізген менің ізіме түспе. Алу үшін, атақ үшін артын ойланбай, аңғырт бастық. Сенен елдің күтері еңкейгенде сүйеу болардай, ел қамының жыры», — депті.

Патшалық Ресейдің залым чиновниктерінің, хан төресінің, аға сұлтан манаптарының қанды шеңгеліне ілініп, қонысы азайып, өрісі тарылған елдің күйін Сүйімбай өте кеш есіне алады. Келісті ойын айта алмағанын қатты арман етеді. Бірақ Сүйімбай өзі айталма-

ған ойын тапсырғандай осы жалынды Жамбылға көп үміт артады.

* * *

Жамбылдың туып-өскен елінде қазақтың қара өлеңімен қажасатын «қайым айтыс» деген болған. Күні бүгінге дейін бұл сияқты айтыс тек белгілі ақындардың ғана айтысы емес, қыз-келіншек, жігіт-желең қай-қайсысы болсын белгілі ел аузындағы қара өлеңмен қарпыса кетеді. Елдің үрдісі болған осы айтысқа заманның өзі қатарлы жасы ретінде Жамбыл да ерте кіріседі. Жамбыл сол жас күнінен-ақ бір жағынан халықтық қара өлеңге сүйенсе, екінші жағынан өз ойынан сөз тапқыш, айтысқыш жігіт болып шығады.

Осы сияқты өлеңге бет алып жарапазан, той бастар айтып жүрген кезінде Жамбыл жырына жол ашардай бір үлкен оқиға болады. Ел жайлауда отырғанды бір ауылда той болады. Ол тойға Шапыраштының бәрі келеді, айтысып, көкпар тартып, тамаша құрады. Осы тойда Жамбыл Бұрым сұлумен кездеседі.

Қыз Жамбылға өзінің атастырған жігітін менсінбейтіндігін айтып, Жамбылмен көңіл қосуға сөз береді. Артынан ретін тауып алып қашқысы келсе де жайлауда қисынын келтіре алмайды. Ел жайлаудан күздеуге көшкенде қызды Жамбыл алып қашады. Алып қашқанда өз үйіне әкелмей, Сарыбайдың інісі Саржанның үйіне әкеледі. Өзі сыр білдірмей Сарыбайдың үйінде жүреді. Қыздың төркіні сұрастыра келіп, Жамбыл алып қашқанын біліп, Жапаның ауылына кісі салады. «Жамбыл қызымызды алып қашты, қайдан тапса да тапсын, болмаса қолдасамыз», — дейді.

Қыздың төркіні Айқым, айттырған қайыны Шыбыл ішінде өте бір бай жер болады. Жамбылдың әкесі баласының Сарыбай ауылында жүргенін біліп, үлкен баласы Тәйтi мен жанкүйер ағайындарын соған жібереді. Жамбыл қызды алып қашқанын мойындағысы келмейді. Жер түбінен анығын біліп келген Тәйтi Сарыбайға айтып, оңашалап сұратады. Жамбыл шынын айтады. «Қызды қайтармаймын», — деп көнбей отырып алады. «Қызды қайтармайтын едім, Саркемнің: «Екей жаңа ел болып келе жатыр еді, тағы бүлінеді ғой. Мына қыздың қайыны ұры кеппе қау бөрік ел еді, айтқанға көнбейді. Әкеңнің тірнектеп жиған аз дәулетіне кесір қылдасың ғой, түгін қалдырмай шауып әкетеді, өзіңе

қалың беріпті ғой. Атаң атастырған қалыңдығыңды ал. Оған тоқтамасаң, осы елдің ішінен басы бос бір таңдаған қызыңды тауып жіп тақ, өзім алып берейін», дегені ой салды. «Оған талай заман болып кетті ғой, Саркемнің күшінен аса алмай, әрең дегенде көндім. Қызды үш тоғыз айыппен қайырып бердім», — деп, 1944 жылдың 12 августында Жәкең өз үйінде отырып айтты.

Бұл оқиға албырт ақынның жүрегіне үлкен жара салады. Ол көп уақытқа дейін арман уына оралып, өлеңмен, домбырамен көңіл жұбатып жүреді. Жамбылдың ақындығының бір кілтін ашқан, ашынып сөз айтқан, мұңлы жүректен күйлі сөз шығартқан осы Бұрым еді.

Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,
Айдай еді толықсыған аппақ нұрың.
Алдандым, аяғымды шалыс бастым,
Білмедім жан ашымас аға сырын, —

деген арман, өксік өлеңін Жамбыл өмір бойына айтқан тәрізді. Осы арман ақын ойын тереңдетіп, сонымен қатар бұрынғыдан гөрі өрісті ұзарта, өлеңге біржолата бет алуға себеп болған.

Жамбылдың ұсақ-түйек өлеңдерінен бөлек алғашқы ауызға ілінген жері Сайқал деген қызбен айтысқаны. Бұл қызбен Жамбыл Талас бойында кездеседі. Сайқалдың атын естіп Жамбыл бір тойда әдейі іздеп барады. Жамбылдың сол елге келіп, өзімен кездескісі келіп жүргенін біліп, қыз да әзірленеді. Қыз отырған үйге Жамбыл баса көктеп кіріп келеді. Қыз Жамбыл екенін біліп, жалаң аяқ көк сауыр кебістің басын іліп отыр екен, көсілген аяғын жимай өлеңдетіп қоя беріпті:

Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,
Япырау бір соны елді жаңа көрдік,
Жиылған ақсақал мен бозбалалар
Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік,

Жамбыл отыра қалып:

Арқаның жардай болады сары нары
Кетпейді Алатаудың жаздай қары,
Істікке шанышқан сирақтай құп-қу қылмай
Қуратпай аяғыңды тартсаңшы әрі, — депті.

(Мұны айтқан Амангельді атындағы колхоздың Аманқұл Желдібай баласы).

Жамбылдың бұдан кейін атын көтеріп кеткен Сарыбай асындағы жыры болды. Сарыбайға ас бергенде Жамбылдың отыздың ішіне кіріп қалған кезі екен.

Жамбыл әрі ағайын, әрі көтермеші жыршы Жігіт ретінде Сарыбайдың інісі Саржанның қасында болады. Саржан көңіл айтушылардың көзіне түсу үшін қояндай боз аттың жал-құйрығын қызыл бояумен боятып мініп жүріпті.

Үлкен Саздың басында,
Кіші Саздың қасында,
Саркемнің асында,
Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай
Келді сөйлер кезіме.
Үлкен аға, кіші іні,
Сөйлеп бір енді берейін
Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген.
Қас сұңқарды айтамын,
Алыстан тоят тілеген,—

деп Сарыбайды жоқтапты.

Сарыбайдың асына қырғыз да шақырылған. Мерке жақтан Ыстының атақты Майкөт ақыны келеді. Сүйімбай мен Құлмамбет те болған. Сүйімбай ас иесі Сарыбайдың жан күйері болып, астың үлкен жырын айтуды Майкөтке жүктейді. Майкөт ұзақ жырлайды. Оны дәмелі ақындардың бәрі жаттап әкеткен. Соны жаттаушының бірі Жамбыл болған.

Майкөт осы аста орасан зор абырой алады. Түбі бірге ел бір жылдан аса жібермей басына үй көтеріп, алдына мал салып аса құрметтейді. Майкөт осы елде тұрған уақытта Жамбыл одан көп үлгі алады. Майкөттен Шора батыр жырын үйренеді.

Аз ғана еліне қамқор болған Шораның ерлігі, халықтың қанын сорып, Шораға қастық ойлаған қара жүрек зұлым Әлібайдың жазасын тартуы Жамбылға аса ұнайды. Қатты сүйіп, сүйсініп жырлайды. Бірақ кейіннен Шораны айтушылар көбейген соң, Жамбыл оны айтпай, тастап кетеді.

Жамбылдың тағы бір көзге көрінген жері Тайторыдан шыққан Садырмектің асы еді. Жамбыл осы аста Сұраншы жырын бірінші рет өз тұсынан молықтырып жырлапты. Оған мынадай жағдайлар себеп болған.

Бірінші, сегіз күнге созылған үлкен аста үнемі жоқтау айтып желіп-жорта беруге болмайды. Оның үстіне қырғыз-қазақтың бас қосқан жиынында ас иесі көтермелеп жоқтауды айтқызған қадірлі ақын сый қонақтарға өзекті үлкен жыр айтуы керек. Тағы бір себеп, сол ас берілген жер Жирен айғыр өзенінің бойы, Сұраншы соғысының болған жері екен. Осылардың бәрі қосылып келіп бұрын келтелеу айтылып жүрген жырды жаңғыртып ұлғайтады.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы — Жамбылдың ақындығының үлкен бір белеске шыққан тұсы. Жамбылдың ақын атын аспандатқан да осы айтыс болды, өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген, аса от ауызды ақын болған. Құлмамбет албан елінен шыққан ақын. Бірақ өзі Құлан, Аян деген аз атаның баласы болады.

Құлмамбет менің атым, Құлан, Аян,
Менің құлан екенім тәңірге аян,
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып жырлайын етіп баян, —

деп өлеңді кеңінен бастап, сөзін салмақпен айтатын, кең, аса толғаулы ақын болған.

Құлмамбетті де Тезек қолына ұстады, сол атын шығарды дейді білетіндер. Найманнан шыққан атақты Түбек ақын сексен жастардың шамасына келгенде Тезек төреге өлең айтамын деп шығады. Ел ортасына аты жайылған Түбектің келе жатқанын Тезек естиді. Сол кезде Құлмамбет Тезек үйінде екен.

Тезек сөзбен қармасқан ақындықты аса қадірлейтін адам, үйіндегі екі ақынға: «Түбек келіп қалса, не деп жауап айтасыңдар? Оның жеңілетін жерін, сырын, елінің жайын білесіңдер ме? Ақын адам өзіне кездесетін ақынның мәні-жайын сырын теріп жүрмей ме екен?», деп қайырып, өзі өлең айтып отырады. Сонда Түбек байқаусыз келіп қалып айтыс басталып. Құлмамбет айтысып, онан Тезектің өзі де қосылып кетіп, үлкен айтыс болады.

Бұған қарағанда, Құлмамбет Тезектің қолында тұрып, айтысқа түсіп, арнасын ұлғайтқан ақынның бірі.

Әрі Тезек қолына ұстап шашбауын көтерген, әрі Түбек сияқты үш Жүздің баласына аты жайылған ірі ақындармен шеңгелдесіп өріс алған Құлмамбет Жам-

былға да, басқа ақындарға да маңайын бастырмайтын дүр болып көрінеді. Ел арасындағы бірнеше ақындармен шайқасып және Сүйімбайдың айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен, өзінен үлкен деп санаған атақты ақындардың ой-өрісі, сөз құрасына құмар Жамбыл Құлмамбетпен бір кездесем деп жүреді. Жамбыл Құлмамбетті ертеден білген, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтқан. Сарыбай асында да бірге болған. Бірақ айтысып өріс көріспеген. Қалай да бір айтысып көрсем деп ізденіп те жүрген. Осы кезде Іле көпірінде Жетісу бойы бас қосқан бір үлкен жиылыс болады. Осы күнгі Іле станциясы тұрған жерден аз жоғары, сол жерге үй тігіледі. Алматы, Қапал уездерінен келеді, бұл топта Тезек болмайды, ол өлген кез көрінеді. Топқа басқа ақындар жиналып айтысады. Құлмамбет бірнеше ақынды сөзбен буып сөйлетпей тастайды. Айтысты тілмаш арқылы түсініп отырған уезд бастығы Құлмамбетті көтермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар дегенде, Есқожаның баласы (шапырашты) Құттық Сейіттің Құдайбергені, «таздан басқа ақын құрып па, Сүйімбайдың інісі Жамбыл бар», дейді.

Құдайберген омырау тентек, бетті адам болған. Келсін деп Жамбылды іздетеді. Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, өрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінінен қорқып қашқақтап жүреді. Құдайбергеннің жіберген кісісі Жамбылды іздеп тауып алып келеді. Жамбыл сыртта кіре қоймай Құлмамбеттің:

Қара күннің баласы Ысты батыр,
Кім өлсе соған туар заман ақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме қайда жатыр.
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға,—

немесе:

Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлаған ауық-ауық,
Сүйімбайың күркілдеп үйінде жатыр,
Басқаны қою керек жылы жауып,— деп

лепіріп отырған серпінінен жүрексініп тұрғанда, үйде отырған Құдайберген: «Қарасайдың аруағынан садаға кеткір, неғып бұғып жүр», деп ақырыпты.

— Осы сөз сүйегімнен өтіп кетті. Домбырамды алып Құлмамбеттің алдына қарама-қарсы отыра қалдым, — дейді екен Жамбыл.

Айтыс (бұл айтысты Үмбетәлі айтады) аса қызу болады. Өзімшіл өркөкірек Құдайберген Құлмамбеттің Шапыраштыны азырқана кеміте сөйлегеніне терісіне симай ыза болып отырады. Жамбылға кезек келіп, Шапыраштыны мақтап, әсіресе Сұраншы, Сауырықтың батырлығын айтқанда, Құдайберген «сені тапқан шешеннен айналайын», депті.

Бірнеше рет кезек айтысып, Құлмамбетке кезек келгенде Құлмамбеттің домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде тұрған 300 сомды жұлып алып қалтасына салып «сен домбыраңның ішегін жалғағанша біздің Жамбыл отыра ма, біздің Жамбыл жеңді», — деп өз кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Құлмамбет қалып қояды.

«Шынында Құлмамбеттен ақындығым асқан жоқ. Ол аса ірі ақын еді. Менің абыройымды көтерген Құттық Сейіттің Құдайбергенінің тентектігі ғой», — дейді екен Жамбыл. Осы топта Жамбыл атағы аспандай түседі. Он шақты ақынды бет қаратпай қойған Құлмамбетті Жамбыл жеңді деген сөз бүкіл Жетісуға тарайды. Бұл айтысты сол жерден бастап жаттап әкетеді.

Іле көпіріндегі бұл топ шамасы 1896 жылдың тұсында болған. Өйткені бұл айтыста Сүйімбай тірі, бірақ ауру, үйінде. Жиынға бара алмапты. Сүйімбайдың тірі екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел. Сүйімбай 1898 жылы өлген.

Жиын тарап, әркім өз үйіне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі атағы да ерте көтерілген Құлмамбетті Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып екеуі бұрынғыдан да таныса түседі. Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбылға: «Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, сол елге барып мен бір өлең айтайын деп едім, мені бастап апар», — дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Құлмамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл да өз ауылына қайтады. Сол

жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғыз асады.

Құлмамбет қырғызға бет алып шыққан жолда: «Жамбылжан менің қырғыз еліне бет алғаным осы. Өз елімді тегіс араладым, Арқаның да көп жерін көрдім. Ел «жақсысы» деген бай, манаптың сыйын да, сырын да алдым. Бірақ бәрі де нәрсіз дүние. Мырзалық жоқ, мақтан бар. Ақын ауызы оташының қандауыры, зұлымдықты сылитын да, халық жарасын жазатын да ақын тілі. Сол тіл бізде еді. Орнына жұмсамадық. Жайсыз өмірді жаратымсыз сыйға сатқандай болдық. Ендігі заман сенікі, жырыңның арқауы халық қамы болсын», — дейді.

Шабдан ауылына жеткенде Құлмамбет шаршап, сол күні Шабданға амандасуға шамасы келмеді. Қонақ үйге жатқызып қойдым. Бұл кім деп сұрағандарға Құлмамбет екенін айтпадым, маған ерген бір абышқа (ақсақал) ауырып келді деп қойдым. Өзім түнде Шабданның үйіне барып сәлемдесіп, өлең айттым. Таңертең тұрсақ күн сәске болып қалыпты, Құлмамбет тынығып, құлшынып отыр. Біраздан кейін «сізді манап шақырады», — деді бір қырғыз. Құлмамбетті ертіп манаптың үйіне келдік.

Біз келіп отырған соң Шабдан «Жамбыл ботам, ат сабылтып жүргелі отырмын. Тәшкенге асығыс баратын жұмысым болып қалды. Біздің есік-төрді бір көргенің бұл емес. Бір қызыл бесті байлатып қойдым. Мына жолдан олжалы қайтсам тағы соғарсың», — деді. Осы кезде Құлмамбеттің қолына домбыраны ұстата береді. Зар күйіне түсіп отырған ақын:

Тозады ел ағадан, тон жағадан,
Соғады арлан бөрі тау сағадан,
Ай өтіп, көрмегелі апта болды,
Жүрмісің батыр Шабдан, есен-аман.
Абданда өткен екен Қашаған хан,
Серғазы жетпіс екі жасаған хан,
Аз сөзбен амандаспай кетемін бе,
Алтынды аттаған соң босағаннан.
Абданда өткен екен Абақ, Жайнақ,
Өтіпті Сайым бөлек сан жылқы айдап,
Бұл тапта мұсылманға «патша» бопсың,
Бір сапар келіп қалдым тамашалап...

Өлеңді кесек-кесегімен томарлата төккен ауызды ақынның сөзі Шабданды билеп әкетеді: «Жамбыл ботам, мына абышқа сенен ыршы тұрбайба (сенен де

айтқыш емес пе?) Бізге түнде неге айтпадың», — деп асыққан жолынан қалып, үлкен думан құрып ұзақ жырлатады.

Менің бұл жолдағы олжам, Құлмамбеттен Көр ұғлы Сұлтан жырын үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бірнеше күндей айтып аяқтай алмады. Мен осының бірнеше бөлімін-ақ ұқтым. Менің өрісімді кеңіткен ірі жырдың бірі осы «Көр ұғлы Сұлтан» болды.

Біз осы жолдан қайтып елге қарай жүргенде сөз бастап: «Қырғыздың Шабданын да көрдік. Мырзалықты Шабдан істейді, шығынын қырғыз тартады. Жақсы деген бұл күнгі адамның сыры осы. Жоқтықпен адам алдына келіп айтқан өлең бай манапты мақтандырса, ақынды қорландырады. «Ақында ел қыдырған ар болмайды», деп Сүйімбай күйініп айтқан ғой.

Ақын деп «Көр ұғлы Сұлтанды» шығарған ақынды айт. Ел жүрегінде нәр беретін жырлар осы. Халықтың бүгінгі күніне керегі де осындай ерлік жыр», — деп Құлмамбет ақындықтың арғы сырын айқын сыпаттағандай ұзақ әңгіме айтты.

Құлмамбет мұны айтқанда өз өмірінің өкінішті жағын баса айтып, маған ой салғандай терең сарынға барды. Ол өткен айтыстағы менен мүдіргендей болған бойындағы жағдайды мүлде ұмытып, маған ылғи ағалық, ұстаздық ойда болды. Құлмамбет сөзінің сарынында Сүйекең айтқан сарынның жүлдесі бар еді. Бірінің ізін бірі басқандай екі ақын да өздерінің жүгін маған артқандай үмітті ықыласпен айтты», — дейді екен Жамбыл.

Жамбылдың ақын замандастары. Жамбылмен заманы бір, ақындық терезесі тең, Дулат ішіндегі Сатый-Ботый атасынан шыққан Майкөт баласы Сарыбас ақын. Ол Жамбылмен қатар жүріп, сан рет қағысып өлең айтысқан. Сарыбас та аса айтқыш ақын болған.

Байғара деген молдаға:

Бай ма десе, ау дейсің,
Бар ма десе, жоқ дейсің

Және сол молдаға:

Сен шулаған жерден аласың,
Мен дулаған жерден аламын.
Сен жылатып отырып аласың,
Мен күлдіріп отырып аламын.

Сен жүресің біреуден кісі өлсін деп,
Мен жүремін сөз тыңдайтын ұл тусын деп,—

дейді екен.

Қуандық ақынның мекені Іле бойында Топар деген жерде болған, о да Жамбыл замандас. Бұл ақынды Үмбетәлі көрген, аласа бойлы сары кісі екен.

Әбділда дегеннің асына Сарыбас, Қуандық, Құлмамбет, Шаншар, Жамбыл, Қожантай ақын — бәрі жиналады. Қуандық ақын ұлыққа қарап сөз бастайды.

Түйемдегі нарымсың,
Жүгімдегі барымсың,
Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Данышпаным, арыстаным,—

дегенде, Сарыбас ақын оның сөзін аяқтатпай дүрсе қоя беріпті:

Құдай атқан Қуандық
Сақал-мұрт жоқ немесің,
Осы сияқты ұлықты
Арыстаным деп ит-шошқаға теңейсің.
Қайтадан айтшы не дейсің,
Шайтаныңды қағайын
Қаржаудағы кегімді
Ұлық алдында алайын.
Арыстаным деп ұлықты,
Қуайын деп жүрсің-ау,
Қанжығалап тұмсықтан,
Ұрайын деп жүрсің-ау.
Сыпырып алып терісін,
Бір төбенің басына
«Жау атарлап» шығайын деп жүрсің-ау.
Түйедегі нарым деп
Тақсырымның тұмсығын
Тесейін деп жүрсің-ау.
Жыңғылдыны орап бір,
Көшейін деп жүрсің-ау.
Қошқарбайдың тұзынан екі қап
Екі қап тұз артып ап
Сатайын деп жүрсің-ау
Басқа сабап жүрмесе
Ұлықты өрге қарай
Тартайын деп жүрсің-ау,—

деп тойтарып тастапты. Сарыбастың өлеңін тілмаш арқылы ұғынып, ояз Қуандықты үйден тепкілеп айдап шығады. Осындай өте ауызды, қиыннан сөз табатын, ойланып оң айттым деген ақын сөзін шешендігі-